

Ауылдық (селолық) елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 17 тамыздағы N 101 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 қыркүйекте N 10-3-167 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 03 маусымдағы N 266-қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 03.06.2014 N 266-қ қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы N 251 "Еңбек кодексінің" 18-бабын, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңын және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңын басшылыққа ала отырып ауылдық (селолық) елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық (селолық) елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арал ауданының әкімі

Н.МҰСАБАЕВ

2010	жылғы	"17"	08	N	101
қаулысымен бекітілген қосымша					

Ауылдық (селолық) елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарының ТІЗБЕСІ

1. Ауылдық (селолық) елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарының тізбесі:

1) білім беру мекемелерінде:

Мемлекеттік білім беру органдарының ұстаздары (мекеме басшылары, мекеме басшыларының орынбасарлары (шаруашылық жағындағы орынбасарлардан басқасы) бала бақша меңгерушілері, үйірме басшылары, бар мамандықтар бойынша мұғалім және ұстаздар, еңбек және өндірістік нұсқаушылары, жаттықтырушы-мұғалім, әдіскерлер, тәрбиешілер, кітапханашылар, мәдени-ұйымдастырушылар, аккомпанияторлар, әуез басшылары және медбикелер;

2) денсаулық сақтау мекемелерінде:

мамандар (дәрігерлер, лауазымдық атауларына қарамастан), провизорлар, дәрігерлік лауазымда жұмыс атқаратын жоғары медициналық емес білімі бар адамдар, лауазымдық атауларына қарамастан медициналық және фармацевтік орта білімді қызметкерлер, денсаулық сақтау мекемелерінің басшылары, дәріхана басшыларымен қоса олардың орынбасарлары, тиісті білімі бар денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс атқаратын мұғалімдер және тәрбиешілер ;

3) мәдениет мекемелерінде:

мамандар (мекеме басшысы, орынбасарлары, көркемдік жетекшілері, негізгі қызмет бойынша бас мамандар, бөлім және сектор меңгерушілері, бөлімше меңгерушілері (басшылары), кітапханашылар, библиографтар, экскурсия жетекшілері, дәріскерлер, киномеханиктер, клуб меңгерушілері, баянистер, музейдегі ғылыми қызметкерлер, мұрағатшылар;

4) халықты әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінде:

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік бөлімшелерінің меңгерушілері, кеңесшілері, әлеуметтік қызметкерлері;

5) спорт мекемелерінде:

мекеме басшылары, олардың орынбасарлары, жаттықтырушылар.